

Акционерлік қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары және оларға қойылатын талаптар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 311 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 29 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3860. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 187 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 187 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Акционерлік қоғамдар өз қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) интернет-ресурстарды пайдаланады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Акционерлік қоғамдардың өз қызметі туралы ақпаратты жария етуі кемінде он бес мың дана таралыммен шығарылатын және Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жүзеге асырылады.

3. Акционерлік қоғам Интернет желісінде ақпаратты жариялау үшін қоғамның өзінің интернет-ресурсын немесе өзге интернет-ресурсты пайдаланады . Интернет-ресурстың сервері өткізгіштік қабілеті кем дегенде 512 Kbit/sec болатын байланыс арнасы бойынша Интернет желісіне қосылады. Интернет желісіне қосылу үшін деректерді беру жылдамдығы 32 Kbit/sec болатын байланыс арнасын пайдаланатын Интернет желісін пайдаланушының интернет-ресурсының кез келген парағын іске қосу уақыты парақты графикамен және басқа да элементтермен толтыруына қарай 10 секундтан аспайды.

Интернет-ресурста жарияланымдарды орналастыру уақыты бір айдан кем болмайды. Интернет-ресурста жарияланымдарды орналастыру күні мен уақыты көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногының субъектілері өздерінің хабарлары мен міндетті түрде жариялауға жататын басқа ақпаратты жариялау үшін пайдалануы тиіс баспасөз басылымдарының таралым мөлшеріне және тарату аймақтары бойынша қойылатын талаптар туралы" 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 414 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2626 тіркелген, 2003 жылғы 15-31 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" N 26 (274) журналында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

6. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

7. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) қабылданған шешім туралы ақпаратты Агенттіктің баспасөз басылымдарында жариялау шараларын қолға алсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

